

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



16-18 маусым  
Нұр-Сұлтан, 2022

## «TURKLANG 2022»

«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»  
атты X халықаралық конференция  
ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

X Международной конференции  
«Компьютерная обработка тюркских языков»

## «TURKLANG 2022»

PROCEEDINGS

of the X International Conference  
on Computer processing of Turkic Languages

## «TURKLANG 2022»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF  
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«TURKLANG 2022»  
«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»  
атты X халықаралық конференция  
ЕҢБЕКТЕРІ  
16-18 маусым 2022 ж.**

**ТРУДЫ  
X Международной конференции  
«Компьютерная обработка тюркских языков»  
«TURKLANG 2022»  
16-18 июня 2022 г.**

**PROCEEDINGS  
of the X International Conference  
on Computer processing of Turkic Languages  
«TURKLANG 2022»  
16-18 June 2022**

Нұр-Сұлтан, 2022

**УДК 80/81:004**  
**ББК 81.2:32-973**  
**Т 90**

**Техникалық редакция:**

Ергеш Б.Ж.  
Елибаева Г.К.  
Турсынова Н.А.

**Т 90** ТҮРКІ ТІЛДЕРІН КОМПЬЮТЕРЛІК ӨНДЕУ. X халықаралық конференция: Еңбектері = КОМПЬЮТЕРНАЯ ОБРАБОТКА ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ. X международная конференция: Труды. / - Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2022.= Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.»

**ISBN 978-601-326-645-9**

Жинақта «Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу» атты X халықаралық конференция қатысушыларының баяндамалары енген.

Компьютерлік лингвистика бағыты бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және мамандарға арналған.

Жинақ «BR11765535» Қазақ тілі мәдениетін арттыру және функцияларды кеңейту бойынша ғылыми-лингвистикалық негіздер мен IT-ресурстарды әзірлеу» бағдарламасы есебінен жарияланды.

В сборнике представлены доклады участников X международной конференции «Компьютерная обработка тюркских языков».

Предназначен для студентов, магистрантов, докторантов и специалистов специализирующихся в областях компьютерной лингвистика.

Сборник издан за счет средств программы BR11765535 «Разработка научно-лингвистических основ и IT-ресурсов по расширению функций и повышению культуры казахского языка».

**УДК 80/81:004**  
**ББК 81.2:32-973**

**ISBN 978-601-326-645-9**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

ӘОК 81.35

**Сыздықова Г. О.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
go.syzdykova@mail.ru*

## **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫСЫ ТУРАЛЫ**

**Андатпа.** Қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің қалыптасуы мен дамуы ғалым А.Байтұрсынұлының зерттеулерінен бастау алады. Ғалым тыныс белгілерінің түрлерін жіктеп, әрқайсысына қолданыс сипатына қарай атау береді. Тыныс белгілерінің жұмсалымы мен қызметін белгілейтін ережелер жүйесін ұсынады.

Мақалада А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметі, сөйлемдегі қолданысы туралы ғылыми көзқарастары сараланады. Ғалымның тыныс белгілеріне берген атаулары қазіргі қолданыста қалыптасқан тыныс белгі атауларымен салыстырыла талданады.

Жасалған талдаулар негізінде А.Байтұрсынұлының ұсынған тыныс белгілерінің басым бөлігінің қазіргі тіл жүйесінде қолданылатындығы анықталды. Бұл А.Байтұрсынұлының қазақ пунктуациясының негізін салушы ғалым ретіндегі орнын тағы да айқындай түседі.

**Түйін сөздер:** пунктуация, тыныс белгілері, жазу, емле, тіл жүйесі.

УДК 81.35

**Сыздықова Г. О.**

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева  
Нур-Султан, Казахстан  
go.syzdykova@mail.ru*

## **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ О ВИДАХ И УПОТРЕБЛЕНИИ ЗНАКОВ ПРЕПИНАНИЯ**

**Аннотация.** Формирование и развитие знаков препинания в казахском языке берет свое начало в исследованиях ученого А. Байтұрсынова. Ученый классифицирует типы знаков препинания и дает каждому знаку название в зависимости от характера применения. Представляет систему правил, устанавливающих действие и функцию знаков препинания.

В статье анализируются научные взгляды А. Байтурсынова о видах и функциях, применении в предложении знаков препинания казахского языка. Названия знаков препинания ученого сопоставляются с названиями знаков препинания, сложившимися в современном употреблении.

На основании проведенного анализа установлено, что большинство знаков препинания, предложенных А. Байтурсыновым используются в системе современного языка. Это еще раз подчеркивает место А. Байтурсынова как ученого-основателя казахской пунктуации.

**Ключевые слова:** пунктуация, знаки препинания, графика, орфография, языковая система.

*UDC 81.35*

*Syzdykova G.*

*L. N. Gumilyov Eurasian National University*

*Nur-Sultan, Kazakhstan*

*go.syzdykova@mail.ru*

## **A. BAITURSYNULY ON THE TYPES AND USE OF PUNCTUATION MARKS**

**Abstract:** The formation and development of punctuation marks in the Kazakh language originates in the research of the scientist A. Baitursynov. The scientist classifies the types of punctuation marks and gives each sign a name depending on the nature of the application. Represents a system of rules that establish the action and function of punctuation marks.

The article analyzes the scientific views of A. Baitursynov on the types and functions, the use of punctuation marks in the sentence of the Kazakh language. The names of punctuation marks of the scientist are compared with the names of punctuation marks that have developed in modern use.

Based on the analysis, it was found that most of the punctuation marks proposed by A. Baitursynov are used in the modern language system. This once again emphasizes the place of A. Baitursynov as the scientist-founder of Kazakh punctuation.

**Keywords:** punctuation, punctuation marks, graphics, spelling, language system.

Пунктуация – тіл білімінің тыныс белгілер жүйесін зерттейтін саласы. Ал тыныс белгісі сол тілдің жазу және емле жүйесімен тығыз байланысты. Бұл байланыс тыныс белгілерінің жазудың пайда болуымен бірге қалыптасып, жазудың даму барысында жүйеленуімен

анықталады. Пунктуацияның жазу және емлемен байланысы оған берілген анықтамаларда да нақты тұжырымдалады. Мәселен, Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» пунктуация былай түсіндіріледі: «Тыныс белгілері (пунктуация), (лат. *punctuatio, punctum* нүкте) – 1. Графика, орфографиямен бірге жазба тілдің негізгі құралы болып табылатын, әліпбиден тыс графикалық белгілер жүйесі. Тыныс белгілерінің мақсаты – жазба мәтіннің айтудағы бөлшектенуіне сай оны графикалық тұрғыда дұрыс беру. 2. Тіл білімінің тыныс белгілері және оларды дұрыс қолдану ережелері туралы тарауы. Тыныс белгілері жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің құрамын, атқаратын қызметі мен білдіретін мағыналарын және оларды қолдану ережелерін зерттейді» [Қалиев, 2005, 340-б]. Бұл анықтамада пунктуация, біріншіден, әліпбиден тыс графикалық белгілер жүйесі, екіншіден, тіл білімінің дербес бір тарауы ретінде сипатталған.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте пунктуация (лат. *punctuohatio, punctum* – нүкте) – «1) графика, орфография және алфавиттен тыс болатын белгілер жүйесі. Бұлар жазба тілдің негізгі құралдары болып табылады. Пунктуацияның негізгі мақсаты – жазба тексті бөлшектеу және графикалық құрылымды жасау; 2) тарихи қалыптасқан жазба текстің кодификациялық нормалары мен ережелері; 3) тыныс белгілердің қолдану нормалары мен пунктуация жүйесіндегі заңдылықтарды зерттейтін тіл білімінің саласы» [Салқынбай, Абақан, 1998, 170-171-б.] ретінде анықталады. Алдыңғы сөздіктегі анықтамадан ерекшелігі: мұнда пунктуацияны «тарихи қалыптасқан жазба текстің кодификациялық нормалары мен ережелері» ретінде де анықтайды.

Ғалым Ф.Мұсабекова «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» оқу құралында тыныс белгісі таңбасының алғашқы элементтері түркі тілдерінің бұрынғы ескерткіштерінде кездескенін және ол кездегі бар белгілер, көбінесе, тыныс белгісі қызметінен гөрі бір сөзді екінші сөзден айыру қызметін атқарғанын айтады. Бертін келе, қазақ тіліндегі алғашқы басылым «Дала уәлаяты» газетінде (1888-1902) 1894 жылдан бастап кейбір сөйлемдердің жігін ажыратуға әредік сызықша (–), әр түрлі жұлдызшалар (\*) сияқты шартты таңбаларды қолданады [Мұсабекова, 1991, 6- б.].

Қазақ тілінің тыныс белгілері жөнінде жазылған еңбектерді хронологиялық жағынан жүйелеуде Ф.Мұсабекова осы бағыттағы алғашқы еңбектердің бірі ретінде Ш.Сарыбаевтің 1936 жылы жазылған «Қазақ сөйлемінде үтірдің жазылатын орындары» деп аталатын мақаласын көрсетеді. Бірақ қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем, сөйлеу жүйесімен бірге тыныс белгілері жүйесінің зерттелу тарихы әріден, қазақ тіл білімінің негізін салушы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының



еңбектерінен бастау алатындығы қазіргі кезде анықталған. Ғалым 1925 жылы түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен қайта басылған «Тіл-құрал» деп аталатын 3-тілтанитқыш кітабында қазақ тіліндегі тыныс белгілерін жүйелеп, атау беріп, әр атауды ұлттық таныммен байланыста саралаған. Одан кейін 1928 жылы шыққан «Тіл жұмсар» еңбегінде ғалым мынандай пікір айтады: «Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге *бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ* еді. Сүгіретке қарап біреу олай, біреу былай деп атайтын еді. Мұнда соларға ат қойылды. Мұндағы *ат тек сүгіретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылады*. Мәселен: **тыныстық** (.), **жапсарлық** (,), **қосарлық** (=), **тастарлық** (–), **дәлдеулік** (« »), **сұраулық** (?), **лептеулік** (!)» [Байтұрсынов, 1992, 337-б.]. Ғалым тыныс белгілеріне «*бүгінге дейін нақты ат қойылмағанына*» баса назар аударып, олардың әрқайсысына атау береді. Атау беруде әр белгінің сыртқы формасын ғана емес, қолданатын орнын, қызметін де негізге алады.

Бұл мақалада А.Байтұрсынұлының ұсынған тыныс белгілері түрі, атауы, жұмсалымы және қызметі тұрғысынан сараланып, қазақ тілінің қазіргі қолданыстағы тыныс белгілерімен салыстырыла талданады.

Қазақ тілінде қазіргі қолданыстағы тыныс белгілер саны – 10 [Сыздық, 2000, 107-116 б.]. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» еңбегінде 11 тыныс белгісін ұсынады [Байтұрсынов, 1992, 310-312 б.] (1-кесте).

1-кесте

*А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегі мен Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышындағы» тыныс белгілер жүйесі*

№	А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. 1991		Р.Сыздық. Қазақ тілінің анықтағышы. 2000	
	Тыныс белгі атауы	Таңбасы	Тыныс белгі атауы	Таңбасы
1	Кіші сызықша (тіркестіру белгісі)	=	-	-
2	Үлкен сызықша (жұмақтау белгісі)	–	Сызықша	–
3	Ноқат (нүкте), (ұлы тыныс)	.	Нүкте	.
4	Үтірлі ноқат	;	Нүктелі үтір	;

	(нүкте), (орта тыныс)			
5	Теріс үтір (кіші тыныс)	,	Үтір	,
6	Қос ноқат (қос нүкте), (бәшелеу белгісі)	:	Қос нүкте	:
7	Сұрау белгісі	?	Сұрау белгісі	?
8	Леп белгісі	!	Леп белгісі	!
9	Қабат үтір (қабатша қос тырнақ)	« »	Тырнақша	« »
10	Жақша (қамау белгісі)	( )	Жақша	( )
11	Көп ноқат (көп нүкте)	...	Көп нүкте	...

Кестедегі салыстырудан қазіргі тіл жүйесінде А.Байтұрсынұлының 20-ғасырдың 20-жылдары ұсынған тыныс белгі атауларының басым бөлігінің сол қалпында, өзгеріссіз қолданыста жүргенін байқаймыз. Ғалымның ұсынған *нүкте*, *қос нүкте*, *сұрау белгісі*, *леп белгісі*, *жақша*, *көп нүкте* тәрізді тыныс белгі атаулары еш өзгеріссіз қабылданса, «*үлкен сызықша*» *сызықша*, «*теріс үтір*» *үтір*, «*үтірлі ноқат*» (*нүкте*) *нүктелі үтір* түрінде тек құрамындағы анықтаушы сыңарын (*үлкен*, *теріс*) түсірумен немесе анықтаушы-анықталушы сыңарларының (*үтірлі нүкте* – *нүктелі үтір*) орнын ауыстырумен өзгешеленсе, «*қабат үтір*» *тырнақша* болып басқа сөзбен аталған. Ал тыныс белгі таңбалары еш өзгеріссіз қолданылған. А.Байтұрсынұлының ұсынған тыныс белгілерінің ішінде *кіші сызықша* (*тіркестіру белгісі*) Р.Сыздықтың «Анықтағышындағы» тыныс белгілер қатарында көрсетілмейді. А.Байтұрсынұлы *кіші сызықшаны* «*тіркестіру белгісі*» деген қосымша атаумен атап, оның қос сөздерде және сөздің бір жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға тасымалдауда қолданылатын белгі екендігін түсіндіреді. Ғалымның бұл тұжырымы Р.Сыздықтың «... белгісіздік-жалпылық және болжалдық мағынасындағы қос сөз, сан есімдер ... дефис арқылы жазылады» деген пікірінде дамытылады [Сыздық, 2000, 113-б.]. Сондықтан *кіші сызықша* орфографиялық таңба ретінде танылады.



А.Байтұрсынұлы тыныс белгілеріне ат қоюда, ғалымның өз сөзімен айтсақ, олардың «жұмсалатын орнын», яғни белгілі бір мәтін ішіндегі атқаратын қызметін негізге алады. Кейбір тыныс белгілеріне берген жанама атаулары арқылы олардың қызметін айқындап береді. Мәселен, сызықшаны «үлкен сызықша» деп атап оған «жұмақтау белгісі», қос нүктеге «бәшелеу белгісі», жақшаға «қамау белгісі» деген қосымша атаулар береді. Сол сияқты «ұлы тыныс» (нүкте), «орта тыныс» (нүктелі үтір), «кіші тыныс» (үтір) атауларынан тыныс белгілерінің жұмсалыу орны мен қызметі айқын көрінеді.

Ғалым тыныс белгілерінің қызметі мен қолданатын орындарды олардың ережелерінде анықтайды [Байтұрсынұлы, 2013, 221-224 б.] (2-кесте).

2-кесте

*А.Байтұрсынұлының тыныс белгілері ережесі*

№	Тыныс белгі атауы	Ережесі
1	<b>Кіші сызықша (тіркестіру белгісі)</b>	1) Бір сөзді екінші сөзге тіркестіретін орында қойылады, сөзді олай тіркестіру екі сөзді қосақтап, бір сөз (қос сөз) қылып айтатын орындарда келеді. Мәселен, <i>төсек-орын, жүк-аяқ, құрт-құмырсқа</i> . 2) сөздің бір бөлімін екінші бөліміне тіркестіру керек болған орындарда қойылады, ондай тіркестіру көбінесе сөздің бөлімдері жазып келе жатқан жолға түгелімен сыймай, сыймаған бөлімін екінші жолға шығару қажет болған жерде келеді. Мысалы: <i>Жақсы-ақ-нысың? Жалғыз-ғана-мы-сың?</i>
2	<b>Үлкен сызықша (жұмақтау белгісі)</b>	Бұл белгі бытыранды ұғымдарды шоғырландырып, жалқыланған ұғымдарды жалпыландырып, теңелерлік нәрселерлі теңеп, балап айтатын орындарда қойылады. Мәселен, <i>Көк шалғын, ағаш, бұлақ – бәрі жақсы. Қасқыр – аң. Ақымақты үйрету – өлгенді тірілту.</i>
3	<b>Ноқат (нүкте) (ұлы тыныс)</b>	1) әбден біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында қойылады; 2) мақала, кітап басының атауларынан соң қойылады; 3) қысқартқан сөздің соңынан қойылады; 4) келте-келте қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылады.
4	<b>Үтірлі ноқат (нүкте) (орта тыныс)</b>	1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылады; 2) сыйысулы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары демеулермен

		кұраспай, алды-алдына тұрған жана да қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылады.
5	<b>Теріс үтір (кіші тыныс)</b>	1) бұратана сөздерді бөлек шығару үшін қойылады; 2) сыйысулы сөйлемдердің бірөңкей мүшелерінің арасына қойылады; 3) бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айыру үшін қойылады; 4) лепті сөйлемдерде одағайдан кейін қойылады; 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылғанда қойылады.
6	<b>Қос нөқат (қос нүкте) (бәшелеу белгісі)</b>	1) алдыңғы сөйлемдегі пікірді кейінгі сөйлем ыдыратып сөйлейтін орындарда қойылады. <i>Мысалы: Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетін киіз үй, қыс кіретін там үй;</i> 2) келтірінді сөйлем алдында қойылады ( <i>Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: Мақтаулы бар зой әнназ әрбір тұста...</i> ).
7	<b>Сұрау белгісі</b>	Бұл белгі жауап сұраған сөйлемдердің соңынан қойылады.
8	<b>Леп белгісі</b>	1) лепті сөйлемдерден соң қойылады; 2) тілекті сөйлемдердің бұйрық, өтініш түрлерінің соңынан қойылады; 3) тілекті сөйлемнің үгіт түріндегісінің қаратпа сөзділерінің соңынан қойылады. <i>Бар! Жүгір! Ұш!</i>
9	<b>Көп нөқат (көп нүкте) (қалдыру, тастау белгісі)</b>	Сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылады.
10	<b>Қабат үтір (қабатша қос тырнақ)</b>	1) төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылады ( <i>«Бекер ме» қасқыр айтты «менің сөзім?»</i> ); 2) кітап, журнал, газет аттарына қойылады; 3) бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылады ( <i>леп белгісі «!» лепті сөйлемге, сұрау белгісі «?» сұраулы сөйлемге қойылады</i> ); 4) бір нәрсені теріс мағанада атау үшін қойылады. <i>Мәселен, Жолдас емес адамды «жолдас» деп атау теріс атау болады.</i>
11	<b>Жақша (қамау белгісі)</b>	1) бір нәрсені қабарында болдыра кетейін деген орындарда қойылады; 2) алдағы сөзді артқысы түсіндіре өтетін жерлерде қойылады.

А.Байтұрсынұлы тыныс белгілерінің қолданылатын орындарын ережелердегі «... *орындарда келеді*», «...*қойылады*» сөздері арқылы нақтылап отырған.

Тыныс белгілерінің қойылатын орындары ғалымның «Тіл жұмсар» кітабында да қарастырылады. Мәселен, **тыныстық** (.) – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі. **Жапсарлық** (,) – дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. **Қосарлық** (-) – екі сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі. **Тастарлық** (–) – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі. **Дәлдеулік** (« ») – бұлжытпай дәлдеп жазып көрсетерлік жерде қойылатын белгі [Байтұрсынұлы, 2013, 496-497 б.]. Мұндағы назар аударатын нәрсе: «Тіл-құрал» мен «Тіл жұмсарда» кейбір тыныс белгілерінің түрліше аталуы. Мәселен, нүкте «ұлы тыныс» - «тыныстық»; үтір «кіші тыныс» - «жапсарлық»; кіші сызықша (дефис) «тіркестіру белгісі» - «қосарлық»; сызықша «жұмақтау белгісі» – «тастарлық»; тырнақша «қабат үтір» – «дәлдеулік».

«Тіл-құрал» мен «Тіл жұмсардағы» тыныс белгі атауларының әркелкі берілуін ғалым өзінің пікірінде былай түсіндіреді: «Тіл-құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап, бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады. Бұл айтылған «Тіл-құралдан» «Тіл жұмсардың» негізгі басқалығы, мұнан өзге де бала шамасына шағындағандықтан туған басқалықтар бар. Оларды мұнда түгендеудің қажеті жоқ, үйткені «Тіл жұмсармен» үйреткенде, әр қайсысы өзінің орны-орнында көрінбекші. Мұнда тек басты-бастыларын ғана көрсете өтсек болады» [Байтұрсынұлы, 2013, 496-б.]. «Тіл жұмсар», атынан да көрініп тұр, «сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын» құрал. Басты мақсаты – «Тіл-құралдағы» білімді жаңа жолмен тәжірибе арқылы үйрету, баланың білімді өздігінен алуына ықпал ету. Сондықтан бұл еңбектегі «басқалықтар», оның ішінде мақаланың зерттеу нысанына алынған тыныс белгі атауларындағы ерекшеліктер де осындай қажеттіліктен, баланың шамасына қарай шағындаудан туған.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі тыныс белгі атаулары, олардың қызметі мен қолданысы, пунктуация ережелерінің негізі алғаш А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде қалыптасты. Ғалым тыныс

белгілерін жазуда қолданатын әріптен басқа белгілер қатарында қарастырып, әрбір тыныс белгісінің таңбасы, қолданатын орны, сөйлем ішіндегі атқаратын қызметіне дейін нақтылап берді. А.Байтұрсынұлының ғылыми тұжырымдары, оның ішінде тыныс белгілері және оның ережелері де, қазіргі қазақ пунктуациясының ғылыми негізіне айналып отыр.

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№BR11765535 грант).

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- 3 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
- 4 Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 128 б.
- 5 Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарт, 1998. – 304 б.
- 6 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.